


ББК 83.3 (5 Қаз)  
М 86

## КИТАПТЫҢ МҮҚДАСЫ



Ответственный редактор: писатель Габбас Кабышулы

Книга посвящается столетию издания первой книги Абая в 1909 году в издательстве И. Бораганского, в Санкт-Петербурге.

Имя Ильяса Бораганского было возвращено тюркским народам ученым Каюмом Мухамедхановым.

Книга будет интересна исследователям абаеведения, всем, кому не безразлична история культуры нашего народа.

Кітап Абай жинағының И.Бораганскийдің Санкт-Петербургтегі баспасынан алғаш шыққанының жуз жылдығына арналды. (1909)

Илияс Бораганскийдің кім екені, нендей іс ашқарғаны туралы Қайым Мұхамедханов іздең тауып, жария еткен еңбек – түрік халықтарының игілігі.

Сондықтан бұл кітап абайтану, халқымыздың мәдениет тарихының зерттеу жұмысымен шұғылданушылар үшін аса құнды.

0503020905  
К ----- 2009  
00(05)-09

ББК 83.3 (5 Қаз)

ISBN

© Каюм Мухамедханов, 2009  
© Общественный фонд “Центр образования и культуры имени Каюма Мухамедханова”, 2009

Абайдың асыл әдеби мұрасын ең алғаш кітап етіп баспадан шығарған – Илияс Бораганскийдің есімі мен еңбегін қазақ халқы қадірлейді, ұмыттайды.” (К.М)

Предлагаем вашему вниманию краткое изложение истории установления и возвращения имени И.Бораганского ученым, абаеведом К.Мухамедхановым.


Основано на статьях Мухамедханова на казахском языке:

*Қадірлі есім, аяулы еңбек (Абай мұрасын тұнғыш кітап етіп шығарушы И. Бораганский жайында) - "Семей Таңы" N-103, 1971ж, 21-май, 4-бет*

*"Абай кітабын тұнғыш басқан кім ?" ("Кто был первым издателем Абая?") - "Қазақ әдебиеті", N 24, 1971 ж., 2 июнь.*

## **КТО ВПЕРВЫЕ ИЗДАЛ КНИГУ АБАЯ?**

Всем известно, что первое собрание стихов Абая было издано в 1909 году в Санкт-Петербурге. На обложке книги надпись: “Восточная Электро-печатня И. Бораганского”. До 1896 года Абай и не задумывался об издании своих произведений. Их знал народ, и они передавались изустно через его учеников и последователей.



*Бораганский Ильяс*  
(фото из архива Мухамедханова К.)

## КТО ТАКОЙ БОРАГАНСКИЙ?

Свой поиск я начал с просмотра газеты “Тәжіман”, которая стала выходить с 1882 года. Абай получал и читал эту газету. Газета была популярна, она освещала вопросы культуры, литературы, искусства всей России. Эта газета распространялась на большей территории казахских степей. В газете публиковали новости научной, культурной жизни тогдашней России. Абай выписывал эту газету ( прим: эту газету выписывал и Мухамедхан Сейткулов, отец Каюма Мухамедханова, сподвижник алашевцев, меценат). Просматривая газету “Тәжіман”, я вдруг увидел сообщение: в N 23 газеты за 14 июня 1900 года на двух языках была опубликована статья, которая была озаглавлена так: “Дело И. М. Бораганского”, “Илияс Мырза Бораганский”. В статье сообщалось, что 10-15 лет тому назад в Петербурге поселился один из крымских мурз (господ), родом из Бахчисарай, Ильяс мурза Бораганский, искусственный каллиграф. Он является талантливым исследователем тюркоязычных и арабских стран.

Несколько позже Бораганский получил разрешение на открытие в Санкт-Петербурге типографии и отдался этому делу со всей душой. В статье указывалось, что Бораганский издает книги на русском, арабском, турецком и фарси. Он печатает большие и малые книги, а также карточки, счета, объявления. На это обращалось внимание книготорговцев, коммерсантов и людей богатых, печатающих книги ради дела просвещения. Бораганский говорил, что его издательство не преследует коммерческих целей, он любит и уважает

культуру разных народов. Некоторые видные ученые России оказывали ему поддержку, видя в нем талантливого и благородного человека.

Именно эту статью о Бораганском и прочитал Абай и его ученики. Это мотивировало их на издание первой книги стихов и песен Абая.

Меня же, как исследователя интересовал жизненный путь И. Бораганского, его судьба до и после революции и вообще все, что касается этого человека. И я начал свой поиск.

В 1966 году я отправил запрос о И.Борагансом в Москву, в Государственную ордена Ленина библиотеку СССР. В библиотеке никаких документов о И. Бораганском не нашли и мое письмо направили в библиотеку Института народов Азии АН СССР. Прошло немного времени, и я получил ответ, где сообщалось, что никаких материалов о

И. Бораганском в их фондах не обнаружено. С моим запросом сотрудники библиотеки обратились к востоковеду профессору Б.А. Данцигу, который тоже ничего не знал о И. Бораганском. В своем письме ко мне профессор Данциг Б.А. посоветовал обратиться в Ленинградское отделение Института народов Азии к профессору Андрею Николаевичу Кононову и в Ленинградский госуниверситет на факультет востоковедения к Арону Давидовичу Новикову. Мне вскоре сообщили адреса этих людей, и я отправил свои запросы о И. Бораганском.

На мои письма-запросы от 11 октября 1966 года Кононов прислал ответы. По поручению Кононова А.Н. сотрудница Нинель Александровна Дулина вела поиск, и он увенчался успехом. В Санкт-Петербургском университете на факультете восточных языков в обзоре за 1855-1905 годы найдены материалы по истории, и в 4-м томе на стр.194 указано, что “Илияс мырза Бораганский с 20 августа 1898 года преподает турецкий

язык”. ...Профессор Веселовский Н.И. в книге “Список профессоров и приват-доцентов Санкт-Петербургского университета на стр.27 указывал, что Илияс мырза Бораганский с 20 августа 1898 года по 20 августа 1908 года читал лекции на турецком языке в Петербургском университете на факультете восточных языков, что И. Бораганский получил образование в Стамбуле.

Также в ответе указывалось, что в Ленинградском историческом областном архиве имеются сведения о Бораганском и дали контактную информацию.

Мне выразили благодарность за сообщение о публикации статьи о И. Бораганском в газете “Тәжіман” за 1900 год. Они об этом раньше не знали.

Далее с запросом я обратился в Ленинградский обл. архив, откуда получил фотокопию статьи. В этой статье сообщалось, что 22 апреля 1903 года в Петербургском университете на факультете восточных языков проходило собрание, на котором было решено продлить срок преподавания лектору И. Бораганскому с 20 августа 1903 года.

Несмотря на мои попытки узнать еще что-нибудь о И. Бораганском, о его творческом пути не принесли результатов, и мои исследования зашли в тупик в 1966 году.

Но уже спустя два года, я случайно обнаружил интересные материалы о

И. Бораганском при просмотре газеты “ҚАЗАҚ ТІЛІ”(сейчас эта газета “СЕМЕЙ ТАҢЫ”).


28 октября 1922 года в этой газете крупными буквами было напечатано “И. Бораганский – старейшина”. Правительство Башкирии поздравляло его с 70- летием. В статье говорилось о том, что он открыл в Петербурге 1-ую мусульманскую типографию. Бораганский занимается в течение пятидесяти лет исследованиями тюркоязычных народов и издательством. Он напечатал много книг; был известен как искусственный каллиграф.

Много И. Бораганский трудился для издательского дела в Башкирии; ездил в Москву за необходимым оборудованием для издательства. Руководство Башкирии будет отмечать 50-летие его деятельности и 70-летний юбилей.

Итак, теперь мои поиски были нацелены на Башкирию.

Воодушевленный этими сведениями я отправил письмо-запрос в центральную библиотеку и архивы Башкирии. Но, увы, все тщетно. Никаких сведений! Но я не терял надежды. Я разослав письма писателям и поэтам Башкирии.

Обратился я с запросом о И. Бораганском и к классику, старейшему писателю Башкирии 80-летнему Сайфи Кудашу.



Рукопись К. Мухамедханова

Вскоре от Сайфи Кудаша пришел ответ: И. Бораганского

он видел, но о творческом пути знает не много, так как близко не был с ним знаком.

Сайфи Кудаш сообщил, что, в 1923 году в Уфе выходил журнал “Яңы юл” (“Новый путь”) и в № 4 за 1923 год на 38 стр. приводятся сведения о Бораганском и дано его фото. С. Кудаш сообщил мне, где возможно имеется такой журнал. Я направил запросы в ряд библиотек Союза.

...И вот наконец-то в 1970 году в моих руках оказался этот самый журнал со статьей о И. Бораганском и его фото! В статье указывалось, что И. Бораганский отдал 50 лет типографской деятельности. Он родился 22 апреля 1852 года в Крыму, в Бахчисарае. С 15 лет обучался в медресе, получил основы каллиграфии. В 1867 году уехал в Турцию. Жил и обучался в Стамбуле издательскому делу более семи лет (издание, фотография, инкрустация, каллиграфия). Затем вернулся в Крым и трудился там.

12 декабря 1876 года И. Бораганский отправился в путешествия по городам России. И вот в 1882 году он прибыл в Петербург. До 1917 года работал в Петербурге, а с 1919 года работал в издательстве газеты “Салаут” и обучал башкирских красноармейцев типографскому набору. С 1920 года И. Бораганский жил и работал в Башкирии, куда перевозит типографское оборудование и в Стерлитамаке возглавляет издательское дело. И в возрасте 72 лет (на время написания той статьи) – он продолжал трудиться на своем поприще.

**К. МУХАМЕДХАНОВ**

\* \* \*

## ҚАДІРЛІ ЕСІМ, АЯУЛЫ ЕҢБЕК

*Абайдың 125 жылдық мерекесі қарсаңында  
Абай мұрасын тұнғыш кітап етіп шығаруши  
И. Бораганский жайында.*

Абай дүниеден қайтқан соң ұстазының әдеби мұрасын-өлең, поэмаларын жинап, ақынның өмірбаянын жазып, баспа орнына тапсырып, 1909 жылы жеке кітап етіп бастыртып шығартқан – Кәкітай (Ғабдулхаким) Ысқақұлы Құнанбаевтың қазақ мәдениеті тарихында алатын орны ерекше. Жиырма төрт жыл бойы ардақты ағасының, ұлы ұстазының қасында болып, тағым алған, дана ақынды терең түсініп, дұрыс таныған талантты шәкіртінің жазған өмірбаяны - аса бағалы тарихи еңбек. Кәкітай жазған Абай өмірбаяны көлемі шағын болса да аз сөзben көп нәрсені қамтыған. Егер Абай өмірбаянын Кәкітай жазбаса, ақынды танытатын талай құнды деректерден, тарихи мағлұматтардан мүлдем көз жазып қалған болар едік.

Мұхтар Әуезов ақын туралы монографиялық зерттеу еңбегінде Абайтану мәселесіндегі Кәкітайдың қызыметіне ерекше назар аударып :

“ Үл жөнінде қазақтың мәдениет тарихында, Абай мұрасына ерекше еңбек сінірген , Абай өзі тәрбиелеп баулыған жас жүртшылықтың көрнекті өкілі болған-Кәкітай Ысқақұлының еңбегін айрықша айту керек”, -деген еді.

Абай мұрасын кітап етіп шығаруға зор еңбек сінірген бір кісі және бар. Біздің әңгімеміз сол туралы болмақ.

Абайдың тұнғыш өлеңдер жинағы 1909 жылы Петербург қаласында басылып шыққаны баршаға мелім. Кітап мұқабасының төменгі жағында:

“Восточная”Электро-печатня И. Бораганского”,- деп жазылып. Абай кітабының қандай баспаханадан шыққаны және ол кімнің баспаханасы екені айтылған.

Кәкітайдың Абай кітабін Петербург баспасынан шығарту себебі не және ақынның өлеңдер жинағын тұнғыш рет басып шығарған Бораганский кім болған?-деген сұрақтар көп уақыттан бері көnlімізде жүртін еді.

Бораганский жайын баяндар алдында бірер мәселе леге көніл бөле кетеміз.

Абай “1896 жылы өзінің бұдан бұрын жазған өлеңдерін “жиналсын” деген. Бізге қаншалық ғажап көрінсе де осы 1896 жылға шейін Абайдың өлеңдері бір араға топталып жиналмаған болатын. Абай өзі бір жазып тастаған өлеңін қайтадан жоқтап, жинап отыр-маған”, – дейді Мұхтар Әуезов ақын туралы зерттеуінде.

1896 жылға шейін өз өлеңдерін топтап жинауды ескермей келген Абайдың дел сол жылы “жиналсын” деп шәкірттеріне тапсырма беруіне не себеп болды екен? Абайдың өлеңдерін “жиналсын”, деуі келешекте шығармаларының басылып шығып, халыққа тарауын қажет деп білгендігінен екені, әрине, даусыз мәселе.

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,  
Жоқ, барды, ертегіні термек үшін.  
Көкірегі сезімді, тілі орамды  
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін, –

дейтін және:

...Өлді деуге сия ма, ойландаршы,  
Өлмейтүғын артына сөз қалдырған,-

деп ақындық өнерімен, халқына қалдырған асыл мұрасымен мәнгі-баки өлмейтін екінші өмір табатынына сенген данышпан ақын өлеңдерінің кітап болып шығуын мақсат етпеген деуге ешкімнің де батылы бармаса керек.

- Өмірінің ақырғы кезеңіне дейін Абай өз өлеңдерін жинауды ескермей келсе, бізше оның себебі-өлеңдерін талантты ақын, өнші, мәдениетті, саналы шәкірттері көшіріп жазып алғып, жаттап, әнге қосып айтып, елге таратып жүрген соң, шығармалары жоғалып кетпейтініне сенген деп те айта аламыз.

Өлеңдерім “жиналсын”, деуіне себеп болып, ақынға әсер еткен “Тәржіман” газетіндеге жарияланған бір мақала бола ма деген де ойға келеміз.

Ойткені 1882 жылдан шыға бастаған “Тәржіман” газеті туралы Мұхтар Әуезов “Абай еңбектерінің биік нысанасы” атты мақаласында:

“...Тәржіман” газеті Абай кезінде қазақ сахарасына да көп тараушы еді”, -дейді.

Бұл газетті Абай да алдырып, оқып тұрған. Эрине, Абай газеттің түрікшілдік теріс бағытын қабылдамаған. Бірақ ол газетте бүкіл Россиядағы болып жатқан жаңалықтар, мәдениет, әдебиет, өнер-білім жайындағы хабарлар көп басылатын. Сондай бір жаңалық хабар “Тәржіман” газетінің 1900 жылы 14 июнь куні шыққан 23-санында екі тілде жарияланған: “Дело И. М. Бораганского”, “Илияс мырза Бораганский”, - деп аталатын бас мақала.

Ол мақалада әдемі жазудың (Хусни хат) шебері-Илияс Бораганскийдің 10-15 жылдан бері Петербург қаласында тұратыны, Илиястың жайдары мінезін, адамгершілік қасиетін үнатқан бір орыс профессоры

оған назар аударып, ақыл-кенесін айтып, істейтін жұмыс беріп, қамқорлық жасағаны жазылған.

Кейінірек Бораганский Петербург қаласында баспа-хана ашуға рұқсат алып, кітап басу ісіне жан-тәнімен беріліп кетеді.

Араб тілінде кітап басып шығарып, өзінің баспа жұмысына маман, өнерпаз адам екенін танытады. Бірақ басқа тілдерде де кітап басып шығарып, қанша талаптанғанымен қаражаты жеткіліксіз болғандықтан өуелде баспахрана ісі ойдағыдай өркендереп кете алмайды.

Осындағанда ашылған мұсылман баспахранасы өмір сүріп, өркендереп кету үшін астанадан алыс аймақтардағы, бастыратын кітаптары бар адамдар болса, Бороганский баспасына берсе, оның жұмысының жанданып кетіүне үлкен жәрдем еткен болар еді.

Петербург университетінде қызмет істейтін және басқа орыс адамдары бастыратын жұмыстарын Бораганскийдің баспахранасына беріп, оның игі бастамасының өркендереп кетуіне барынша жәрдемдесуде, бірақ ол жеткіліксіз, -делінген газет мақаласында.

Одан әрі, Бораганскийдің баспахранасы: орыс, араб, түрік, парсы тілдерінде үлкенді -кішілі қандай кітап болса да басып шығара алатыны айтылған.

Осыны кітап саудасымен шұғылданатындардың, халық ағарту мақсатымен түрлі кітаптар шығарғысы келетін адамдардың есіне салады.

Илияс Бораганскийдің баспахрана ашудағы мақсаты күн көріс, кәсіп үшін емес, халық үшін, -дейді мақалада.

Эрине, Петербург университетінде түрік тілінен лекция оқытын дәрежеге ие болып отырған Бораганский, баспахрана ұстап, табыс табуга мүктаж адам емес екені де мақалада атап айтылған.

Бұл мақаланы Абай және оның шәкірттері оқығандығына күмәніміз жоқ. Осы 1900 жылы жария-лынған мақаланы оқып барып: “Өлеңдерім жиналсын” демеді ме екен деген ойға келетін себебіміз де сол.

1909 жылдың тұнғыш өлеңдер жинағын кітап етіп басып шығарған адам – осы Илияс Бораганский.

Біздің көбіміз күні кешеге дейін Бораганскийдің толық аты-жөні кім, қай ұлттан шыққан адам екенін де анық білмейтінбіз.

Абай кітабынан төрт жыл бұрын, 1905 жылы, Илияс Бораганский Шоқан Уалиханов ел аузынан жазып алған Едіге жайындағы жырдың қолжазбасын да жеке кітап етіп басып шығарыпты. Шоқан қолжазбасын баспаға әзірлеп, сөзбасын жазған профессор П. М. Милиоранский.

Біздің қолымызда Илияс Бораганскийдің баспаханасынан 1909 жылы басылып шыққан “Ислам жазуларының үлгілері” атты кітап бар. Бұл кітап Бораганскийдің өз мамандығы-араб әрпімен әртүрлі нұсқада әдемі, әсем жазу, көрікті етіп кітап басу тәсілдері-калиграфия мәселесіне арналған еңбек. Кітапта әдемі жазудың (Хусни хат) он бір түрлі үлгісі берілген.

Бұл кітаптің мұқабасының аяқ жағында араб әрпімен: “Илияс мырза Бораганский уа компаниясының матбұғасында басылды. Сәнә 1900”, - деп Бораганскийдің аты-жөні толық жазылыпты.

Бораганскийдің баспаханасы мақтау медальға да ие болған. Оның баспаханасынан шыққан жоғарыда аталған кітаптардың сыртқы беттеріндегі медаль суретіне: “За трудолюбие и искусство” деген сөз жазылған. Сөйтіп Петербург қаласындағы Илияс Бораганскийдің баспа жұмысы өрге басып, өркендеп кетеді.

Бұдан алпыс алты жыл бұрын Шоқан Уалихановтың, алпыс екі жыл бұрын Абайдың – қазақтың екі ұлы адамының енбектерін аса үқыптылықпен кітап етіп, Петербургта басып шығарған Илияс Бораганскийдің өмір жолын, революция жылдарындағы, онан соңғы кездердегі хал-ахуалын айқындалп білу-Шоқан, Абайтану ғылымдары үшін де аса маңызды мәселе.

Бораганский тек қана баспахананың қожасы емес,

ол өз ісінің маманы, өнерпаз, білімді адам. Ол - өткен ғасырда Петербург университетінде шығыс тілінен лекция оқыған ғалым-окытушы, орыс ғалымдары қадірлеп, сыйлаған өз заманындағы көрнекті мәдениет қайраткері.

1966 жылы, сондықтан да Бораганский туралы сұрау салып, Москвадағы Ленин кітапханасына хат жаздық. Ленин кітапханасы өздерінде ешқандай дерек болмағандықтан, менің хатымды СССР Ғылым академиясының Азия халықтары институтының кітапханасына жіберергенін хабарлады.

Көп кешікпей Азия халықтары институтынан да хабар-хат алдым. Олар да Бораганский туралы ешбір дерек таба алмай, Шығыстану мәселесімен шұғылданатын, профессор Б.А. Данцигтен сұрастырыпты. Ол кісіде де Бораганский жайында ешбір мелімет жоқ болып шығыпты. Бірақ профессор Данциг Азия халықтары институтының Ленинградтағы бөлімінде істейтін ғалым, профессор Андрей Николаевич Кононовқа және Ленинград университетінің Шығыстану факультетіне Арон Давыдович Новичовка жазсын депті. Тікелей орыс тюркология ғылымының тарихын зерттеу жұмысымен шұғылданатын Ленинградтың екі ғалымының адрестерін көрсетіпти.

1966 жылы 11 октябрьде Кононовка жолдаған хатыма жауап келді. Профессор Кононовтың тапсыруы бойынша, оның бір қызметкери Нинель Александровна Дулина жауап жазыпты.

-Қазір мен сізге азғанаған мағлұмат берсе аламын, өйткені И. Бораганский туралы мақала әзірге жазылған жоқ. Егер бізде қосымша меліметтер табыла қалса, сізге жіберермін,-дей келіп:

-Академик В.Бартольдтің жазған, 1909 жылы Петербургте басылып шыққан, Петербург университетінің Шығыс тілдері факультетінің 1855-1905 жылдар арасындағы жұмысына тарихи шолу жасайтын “Санкт-Петербург университетінің Шығыс тілдері

факультетінің тарихи үшін материалдар” деп аталатын кітаптардың 1V томының 194 бетінде:

-Илияс мырза Бораганскийдің 1898 жылы 20 августан бастап түрік тілінен сабак беретін лектор болып тағайындалуы туралы бұйрық жазылғанын хабарлайды.

Және профессор Н. И. Веселовскийдің “Санкт-Петербург университетінің профессорлары мен приват доценттерінің тізімі” деп аталатын кітабының 27 бетінде Илияс мырза Бораганский 1898 жылдың 20 августінен 1908 жылдың 20 августіне дейін Петербург университетінің шығыс тілдері факультетінде түрік тілінен сабак беретін лектор болғаны жазылып, Бораганскийдің Стамбулда оқып білім алған адам екені айтылған,-депті.

Тағы осы хатта:-Ленинград облыстық тарихи архивында Бораганский жөнінде мелімет-деректер барын білеміз бірақ біз ол деректермен елі таныс емеспіз дей келіп, ол деректерді қалай іздел табу жолын көрсетіп жазған.

Хаттың ақырында: “Тәржіман” газетінде 1900 жылы Илияс Бораганский туралы мақала жарияланғаның үшін алғыс айткан. Біз ондай мақала барын білмейтын едік,-деген. Бұл хатты алған сон, Ленинградтың облыстық тарихи архивынан Бораганский туралы сұрап, ол туралы мағлұматтар архивтің қай бөлімінде сақталатынын көрсетіп хат жаздым .

Ленинград архивы бір ғана документтін фотокөшірмесін жіберіпті.

Ол документ Петербург университетінің Шығыс тілдері факультетінің 1903 жылы, 22 априль күні өткізілген мәжілісінің протоколы екен. Мәжілісте жеті мәселе қаралып, шешім қабылданыпты. Солардың ішінде қаралған бесінші мәселе Шығыс факультетінде шығыс тілдерінен лекция оқытын лекторлардың

қызмет мерзімі жайында. Соның ішінде Бораганскийдің лекторлық қызмет мерзімін 1903 жылдың 20 августінен бастап, тағы екі жылға ұзартуды сұрап, шешім қабылдаған. Ленинград архивінің әзірге жібергені осы бір ғана документ.

Протокол Милиоранскийдің қолымен жазылған. Протоколға қол қойғандар бүкіл елемге аттары әйгілі Шығыстану ғылымының атақты ғалымдары, академиктер: В. Жуковский, Н. Веселовский, П. Милиоранский, В. Бартольд және П. Марр.

Сонымен, Илияс Бораганскийдің өмір сапарын зерттеп, білуге қаншама зер салып кіріссек те іздесу жұмысымыз 1966 жылы түйіқталып, тоқтап қалды. Ол туралы бар тапқанымыз 1898 жыл мен 1909 жылдардағы Бораганскийдің қызмет жайын ғана баяндайтын мағлұматтар болды.

Басқа сан жерлерге сұрау салып жазғандарымыздан нәтиже шықпады. Сөйтіп, одан әрі Бораганский жайын зерттеу жұмысы амалсыз тоқталып қалып еді. Екі жылдан кейін ойда жоқ жерден, мұлдем күдер үзіп қойған зерттеу жұмысын қайта бастауға жөн сілтейтіндей қызықты бір мағлұматқа тап болдык.

Семей қаласында 1919 жылдан бастап шығып тұрған “Қазақ тілі” газетінің ( қазіргі “Семей таңы”) аман сақталған сандарын қарап отырғанымызда, 1922 жылғы 28 октябрь күні шыққан “Қазақ тілі” газетінің бетінен, ірі әріптермен басылған: “ИЛИЯС БОРАГАНСКИЙ ҚАРТ”,-деген сөздер көзіме түсіп қалды. Хабарды 2-3 рет қайталап, оқып шықтым.

Газетте: “Илияс Бораганский деген қарт, Петроградта ең бірінші мұсылман баспаханасын ашқан. Өзгеріс уақытында шейін (“өзгеріс” деп революцияны айттып отыр,- К. М.) көп кітап басқан, өзінің әдемі жазуға ұсталығымен атақ алған адам.

Осы күні 75жаста болса да, жас кісіден кем қызмет қылмай, Башқұртстанның баспасын реттеуде күні-

түні қызмет қылады. Жуырда баспаға керек құралдарды алу үшін Мәскеуте барып қайтты.

Башқұртстан өкіметі оның осы қызметі 50 жылға толғанын еске алып, қарттың құрметіне той жасамақ болып отыр”, - деген.

“Қазақ тілінің” хабарына қарағанда, Илияс Бораганский кітап басып шығару ісіне кіріскеңіне 1922 жылы жарты ғасыр болған. Октябрь революциясынан кейін Петроградтан Башқұртстанға ауысып, жас республиканың баспа жұмысын реттеп, жолға қоюға белсene at салысқан адал азамат.

Сөйтіп, “Қазақ тілінің” хабары бойынша Бораганский жайын зерттеу ісінің бағыты енді Башқұртстанға ауысты. Бірақ, Башқұртстанның кітапхана, архив орындарынан сұрау салып жазған хаттарымнан тағы нәтиже шықлады. Енді Башқұртстанның, Бораганскийді біледі - ау деген, кәрі құлақ, қарт мәдениет қайраткерлерімен хат арқылы хабарласуды үйғарды. Соңда ең алдымен ойға келген, башқұрт халқының сексенге аяқ басқан атақты карт жазушысы, башқұрт әдебиетінің классиктерінің бірі және қазақ елімен ертеден араласқан, достас адам- Сәйфи Құдаш ағай болды.

Абайдың, Шоқанның кітаптарын тұнғыш басып шығарған Бораганский жайынан білгені болса, хабарлауын өтініп, Сәйфи ағайға хат жазған едім. Ол кісінің 1966 жылдың аяғында жазған жауап хатын алды. Үлкен адамның хатының өзінен де адамгершілік қасиеті көрініп тұр. Келе жатқан жаңа, 1967 жылымен күттүктай келіп, былай депті:

-Хатыңызға кешігіп жауап жазғаным үшін ғафу өтінем. Неге десеніз, ұзақ уақыт науқастанып жатып қалдым.

Илияс Бораганский деген кісіні білем және көрғенім де бар. Алайда, оның өмір жолын жетік білмеймін. Неге десеніз, аса жақын таныс болғаным жоқ,

Оның өмір жолы тұрасындағы қысқаша білетіндерімнің кейбіреуін айтып бере аламын. Мысалы : - Уфада шығып тұратын “Яңы жол” (“Жаңа жол”) журналының 1923 жылғы 4 санының, 38 бетінде: “Матбұғат донъясында илле еллық хезмет” - атты бір беттік мағлumat бар. Соңда Илияс Бораганскийдің кішкене болса да, фотосы да басылған,-деп сол мақаладан Бораганскийдің өмір жолымен танысуға болатынын айтып, журналдың қайда сақталатынын хабарлады.

Уфаның кітапханасы, қанша сұратсақ та, Бораганский туралы мақала басылған “Жаңа жол” журналын жібермеді. Москва, Ленинград, Қазан сияқты қалалардың кітапханаларында ол журнал жоқ болып шықты. Уфа кітапханасынан мақаланың, Бораганскийдің суретінің фото-көшірмесін сұрап едік, оларда фото-лаборатория болмайды екен. Соңан соң Уфаның басқа мекемелеріне хат жазып, көмек сұрадық. Ақыры, 1970 жылы ғана Бораганский туралы мақала мен оның суретінің фото-көшірмесі қолымызға тиді.

“Матбұғат дүниесінде елу жылдық қызмет”-деп аталатын мақалада былай делінген:

-Илияс баба Бораганскийдің Матбұға( баспа жұмысында Қ. М.) жолында істеуіне 50 жыл толды.

- Илияс баба, 1852 жылы, 22 апельде, Қырым-Бақшасарай шәһарында дүниеге келіп, 15 жасына дейін, Қырымның мектеп , медреселерінде оқып және хусни хат (әдемі жазу Қ. М.) мұғалімдерінен мағлumat алған. 1867 жылы Туркияға барып, жеті жыл бойы Стамбулда: баспа, сурет, нақыш, хусни хат ғылымдарын оқып, үйреніп және тәжірибе жүзінде істеп, жаттығып, ол өнерлерді өбден менгеріп, жетілген соң, Қырымға қайтқан. Онда 1876 жылға дейін тұрып, өзінің өнер-білімін көрсетіп, еңбек еткен. Сол жылы 12 декабрьде Россия қалаларына саяхат сапарына шықкан. Жеті жыл бойы Россияның көп шәһарларын аралап, көріп, 1882 жылы Петербургқа келген. Онда келген

соң да әдемі жазу-сызу өнерімен шұғылданған”. ...Будан әрі Бораганскийдің Петербург университетінің шығыс факультетінде оқытушы болғаны, шығыстану мәселесімен шұғылданатын ғалымдармен істес болғаны, орыс профессорларының жәрдемімен Петербургта бірінші мұсылман баспаханасын ашуға мүмкіндік туганы, баспа жұмысының сәтті болғаны айтылады.

Борганскийдің баспаханасында отыздан артық шетел тілдерінде кітап және журналдар басылып тұрған. Сондай үлкен жұмысты, үйимдастырып, басқара журіп, университетте лекция оқу ісінен де қол үзбекендігін айта келіп:

-Сол уақыттағы баспасөз жүзінде Илияс бабаның баспа ісіне аса шеберлігі жайында жарияланған көптеген мақала және хаттарды кездестіреміз - дейді. Одан әрі: -1917 жылғы революцияға дейін де Илияс баба сол Питерде істейді. Революциядан кейін де һәмен сол өз жұмысында болады. 1919 жылы башқұрт қызыл әскери Питер майданына келген шакта, Бораганский башқұрт бригадасының органы болған - “Салауат” атты газеттің баспаханасында істейді. Башқұрт қызыл әскерлерінен әріп терушілер даярлайды.

1920 жылды башқұрт әскерлерімен бірге Башқұртстанға келеді. Бүкіл баспахана құралдарын өзімен бірге Стерлітамақ қаласына алып келіп, ондағы баспаханаға тапсырады. Өзі де сол баспахананың басқарушысы болып, қызметке кіріспей кетеді. Жетіспей жатқан баспахананы жетілдіріп, ретке келтіру жұмысына көп күшін сарп етеді. Мәскеуге барып, баспаханаға керекті құралдар жеткізу жұмысымен шұғылданады.

Оның замандастары, түрлісі-түрлі лагерге бөлініп, совет аппараттарына керексіз болып қалғанда, Бораганский, жасы 72-де болса да, ең бір керекті қызметкер болып танылады.

Ол қазіргі күнде Уфа баспаханасының башқұрт

бөлімінің бастығы болып істейді. Сонымен бірге баспахана жұмысына үздік өнер, майталман шеберлікті тілейтін істерді басқарады. Ол әрқашанда жұмысшылар ортасында, олардың мейірімді, қамқор аталары сияқты. Баспахана жұмысында елу жыл еңбек етсе де, ешбір тауаны қайтпаған жан, еңбек дегенде ет жүргегі елжіреп, һәмандада жаңып түседі. Сөз арасында: “Енді тағы да 50 жыл өмірім болсайшы - көнілім тойғанша еңбек етіп өлер едім мен...” дейді ол.

Оның баспа ісіне сіңірген жарты ғасырлық еңбегінің құрметіне, келесі күзге 50 жылдық мереке-тойы өткізу мүмкін - деп Башқұртстаның “Жаңа жол” журналы, 1923 жылы Илияс Бораганскийге арнап жарияланған макаласын аяқтайды.

Бірнеше жыл бойы Илияс Бораганскийдің өмір жолын зерттеп, білу ісіндегі әзірше анықтаған тарихи мағлұмат-деректеріміз осы.

Осының өзі, Илияс Бораганскийдің революцияның алғашқы жылдарында-ақ абыржымай, адаспай, адаптация мен әлеуметтік қызметкішінде көзін көрсеткен, өнер-білімін халық бақыты үшін еңбек етуге арнаған, алдыңғы катардағы ескі интеллигенттердің бірі болғанын көрсетеді.

Абайдың асыл әдеби мұрасын ең алғашқы кітап етіп баспадан шығарған - Илияс Бораганскийдің есімі мен еңбегін қазақ халқы қадірлейді, ұмытпайды.

Илияс Борагаский туысқан қазақ және башқұрт халықтарының ғазиз досы болған азамат, әржақты білімді, мәдениет қайраткер, үлкен гуманист, интернационалист. Илияс баба Бораганский туралы осы макаланың жазылуына жөн сілтеп, жол көрсеткен, ақыл – кеңес берген ардақты әз ағамыз – Сәйфи Құдашқа көп алғыс, мың да бір рахмет айтамын!

Илияс бабаның өмір сапарын зерттеу жұмысы елі аяқталған жоқ.

Илияс Бораганскийдің матбұғат дүниесіне 50 жыл

толуына арналған, 1923 жылы күз айында Башқұртстанда өткізілмек юбилей болды ма еken? Илияс баба қай жылы, қай айда дүниеден көшті еken? Оның денесі қай арада жерленді еken? Башқұртстанда оған арналған ескерткіштер бар ма еken? Илияс бабадан қалған тұқым-жұрағат және архивы бар ма еken?

Илияс Бораганскийдің өмірін, қызметін зерттеу мәселесімен шұғылданған қalamdas башқұрт жолдастар бар ма еken?

Осы мәселелерді білуге аса құштармыз.

Бауырлас башқұрт туысқандарымыздан хабар күтеміз.

*Қайым МҰХАМЕДХАНОВ*

*“Семей Таңы” N-103, 1971ж, 21-май, 4-бет.*

\* \* \*

## ПОИСК ИСТИНЫ

“... Более десяти лет тому назад в Петербурге поселился один из Крымских мурз, родом из Бахчисарая, Ильяс мурза Бораганский, искусный каллиграф. Благодаря своему доброму нраву и честности, он приобрел внимание и поддержку одного русского профессора, который советом и даваемыми работами поддержал одинокого крымчака в далекой, шумной столице.

Несколько позже г. Бораганский получил разрешение на открытие в С.-Петербурге типографии и отдался этому делу всей душой. Однако, не имея капитала, он не мог развернуть свое дело как следует, хотя напечатанием объемистой книги “ Мишкат”, на арабском языке, доказал всю силу своего искусства и старания. Им отпечатаны также и другие книги, но все это не дало возможности поставить, как следует, свою типографию. Ее могут и должны поддержать мусульмане провинции, т. к. весьма желательно, чтобы раз открытая в столице мусульманская типография не только существовала, но и расширялась.

Люди университета и другие русские люди старались дать работу г.Бораганскому и поддержать его полезное дело, но все это были небольшие и случайные поддержки.

Нам известно, что типография г. Бораганского нуждается в поддержке, т.е. в работе. Надо дать ее. Лично г. Бораганский, удостоенный звания лектора турецкого языка при С.-Петербургском университете, не нуждается, и ни в типографском заработке, ни в нашем внимании; но типография его -нечто полезное

и необходимое для мусульманского общества и оно должно поддержать ее и просить г. Бораганского продолжать начатое дело, не покладая рук. Каждый из нас может явиться с помощью, в какой ему угодно форме, но я думаю, что самое лучшее - обращаться к нему с заказами всяких печатных произведений и книг. Он может печатать по-русски, по-арабски, по-турецки, по персидски: карточки, счета, объявления, большие и малые книги. Обращаем на это внимание книготорговцев, коммерсантов и людей богатых, печатающих книги ради дела просвещения.

Вместе с тем, мы надеемся, что г. Бораганский терпеливо будет продолжать свое полезное дело на дальней стороне, не падет духом и, рано или поздно, заслужит благодарность мусульман.

(“Дело И. М. Бораганского”, издание “Переводчик” № 23, 28 июня 1900 года. С. 89.)

*Прим. Составителей:*

Вышеприведенный материал обнаружен в архиве и рукописных рабочих записях Каюма Мухамедханова. Это - свидетельство трудного пути в поиске научной истины по нахождению материалов, установлению биографии и возвращению имени Бораганского тюркским народам.

2 "Переводчик" № 23, 28/VI 1900 .  
с. 89.  
2 "Дело И. М. Бораганского"

2 более честный и честный  
издатель С. Петербургъ  
один из Крымских турзъ, родом из  
Бахчисарая, Черкассы турзъ  
Бораганский, именуемый как  
литограф. благодаря своему доброму  
терпению и честности, он изобрел

*Рукопись К. Мухамедханова*

\* \* \*

## КӘКІТАЙ ҮСҚАҚҰЛЫ ҚҰНАНБАЙ НЕМЕРЕСІ (1869—1915)

*Абай дүниеден қайтқан соң ұстазының өдеби мұрасын-өлең, поэмаларын жинап ақының өмірбаянын жазып, баспа орынына тапсырып, 1909 жылы жеке кітап етіп бастырып шығартқан-Кәкітай Үсқақұлы Құнанбаевтың қазак мәдениеті тарихында алатын орны ерекше.*

*Қайым МУХАМЕДХАНОВ*

Абайдың інісі Үсқақтың тұнғыш баласы Кәкітай, 1869 жылы дүниеге келіпті. Әкесінің қойған шын аты – Фабдулхакім. Шешесі еркелетіп: “Кәкітай” деп атағандықтан, ел де Кәкітай деп кеткен.

Кәкітайдың шешесі Текті, тарихта белгілі Қаракерей, Мұрын руының Тана мырза атанған атақты адамының карындасы, Жанпейістің қызы.

Құнанбай балаларына өзі тенденс аталы жерден қыз айттырып, ерте үйлендіріп, енші беріп, жеке-жеке ауыл етіп шығарды.

Абай мен Үсқаққа, Ақшоқы, Ашысу аталатын қалың қорықтан екеуіне бірдей етіп жер бөліп береді. Сөйтіп, Абай мен Үсқақтың қыс қыстауы, жаз жайланауы, күз күзеуі қатарлас, жақын көрші болады.

Абайдың Мағауия деген баласы Кәкітаймен құрдас болғандықтан екеуі жас бала күнінен үнемі бірге ойнап-куліп, тату-тәтті құрбы, айырылmas дос болып өседі.

Кәкітай мен Мағауия сегіз жасынан бастап, ауыл молдасынан сабак оқып, сауатын ашады.

Мағауияны он төрт жасында әкесі қалаға апарып, Семейдегі орыс мектебіне оқуға түсіреді. Үсқақ

Кәкітайды Мағауиямен бірге оқытпақ болса да, бәйбішесі: “Өзіннің ел басқару жұмысынан қолың босамайды, мен үйде отырған әйелмін, малға, шаруага кім қарайды деп, Кәкітайды қалаға оқуға жіберуге көнбейді. Сөйтіп, Кәкітай қалаға оқуға бара алмай қалады.

Жасынан оқуға қабілетті, зерделі, зерек, талапты Кәкітайды өзінің ақылды баласы Мағауиядай жақсы көріп, одан үлкен үміт күтетін Абай Үсқақты шақырып алып:

– Сен қатынының тіліне еріп, мына адам болайын деп тұрған Кәкітайды оқудан қалдырдың. Енді бұл баланы мен өз тәрбиеме алам. Сенің мұнда жұмысың болмасын, – дейді. Үсқақ басында анау-мынау десе де, Абайға қарсы тұра алмай: ақыры өзіңіз білесіз дейді. Сөйтіп, Кәкітай бала жасынан бастап, Абайдың тәрбиесінде болады.

Қала мектебінде үздік оқып жүрген Мағауия өкпе науқасына шалдырып, ауылына қайтады. Енді Мағауия мен Кәкітай екеуі де Абайдың қолында тәрбиеленіп өседі.

– Элде қалай себептермен, – дейді Мұхтар Әуезов, – қалаға барып оқи алмай қалып, өз маңайына жиналған іні, бала, ағайын-туысқан сияқты жастардың тәрбиесін қатты ес-көргендіктен, Абай жалғыз өз өситетіне қанағат қылмай, бұлардың сезім тәрбиесін толтырмақ болып, музика үйретпекші болады. Сол мақсатпен Көкен еліндегі Мұқа деген скрипкашыны ауылына алғызады. Тағы сол жылы Әсет деген ақынды да сақтайды.

Енді Кәкітайдың басынан кешкен өмір кезеңдері туралы, оның, тұнғыш баласы Әрхамның, 1949 жылы бізге жазып берген естелік әңгімесі бойынша, мағлұмат келтірейік.

Кәкітайды әкесі Үсқақ он төрт жасында үйлендірген екен. Оған себеп: Абайдың Ақылбайдан кейін Ділдәдан

туған екінші баласы Әкімбайды Ысқақ бала ғып алыпты. Тегінде Құнанбайдың салған үлгісі бойынша, оның балалары да біреуінің баласын біреуі бала ғып алатын салты болған.

Ысқақ Әкімбайға Қызылмола болысына қарайтын Уақ руының Қалдыбай қазы атанған, көп жыл ел басқарған белгілі адамның Уақбай дейтін (ол да көп жыл болыс болған) баласының Салиқа деген қызын айттырып, көп қалынмал беріпті. Әкімбай тоғыз жасында дүниеден қайтып (1865–1874), Салиқа әкешешесінін, қолында қалады. Салиқа Әкімбайдан екі жас үлкен екен (1863 жылы туған).

Енді қазақтың: “Аға өлсе женге мұра, іні өлсе келін мұра” дейтін салты бойынша, Салиқаны Қекітайға қаратады. Сөйтіп Қекітай өзінен алты жас үлкен женгесіне үйленеді.

Жасау-жабдығымен келіп, келін боп түскен Салиқа бір жылдай ата-енесінің қолында болып, келесі жылы Қекітай енші алып, бөлек үй болады. Жасынан аса пысық, шаруаға ынғайлы Қекітай тез арада мал құрап, қасына ағайындарынан көрші жинап, келелі бір ауыл болады.

Қекітай он алты жасқа келгенде, 1885 жылы бірінші баласы Әрхам туады. Ол баланы қырқынан шыға сала, үлкен шешесі бала ғып алып, бауырына басады.

Қекітайдың Әрхамнан кейінгі екінші баласы Білел 1888 жылы туған, одан кейінгі баласы – Даниял 1889 жылы дүниеге келген. Бұлардан басқа Салиқадан туған Хакима, Қабида деген қыздары болады.

Салиқа қайтыс болған соң, 1903 жылы алған әйелі Бибіден туған Уалит, Самат деген екі ұлы; Бәзилә деген бір қызы болған.

\* \* \*

Қекітай өмірінің ең ауыр кезеңі 1904 жыл еді. Сол жылы арылмас қалың қайғы, қатал қасіретке душар болады. 1904 жылы 12 маусымда Мағауия қайтыс болады, 23 маусымда Абай дүниеден көшеді, 2 тамызда Ақылбай өледі.

Абай қайтыс болғаннан кейінгі жылдардағы Қекітай өмірі жайында, нақтылы толық мағлұматтарды, Әрхамның естелігі бойынша баян етеміз.

Әрхам өзі де Абайды көрген және оның немере балаларының біріндей болған адам. Абай дүниеден қайтқан жылы (1904) Әрхам он тоғыз жастағы жігіт болатын. Сондықтан әкесі Қекітайдың мінезін, оның адамшылық касиетін ете жақсы білетін Әрхамның берген мағлұматына сенімді тарихтық дерек ретінде қараймыз.

– 1905 жылы жаз басында, – дейді Әрхам, – Қекітай Абайдың зор қарызын өтеуге бел байлап, дайындық жасады. Ең әуелі кең етіп, “Абылайша” деп аталатын қос жасатты. Сонан соң, өз ауылында ескіше бала оқытып жүретін, Мұрсейіт Бікі баласы деген молданы босатып алып, бала оқытқаннан табатын пайданды мен беремін деп міндеттегеніп, сол қосқа отырғызып, қағаз, қарындаш, қалам, сия сықылды жазу аспаптарын түгендереп беріп, Абайдың ел аузына тараң, одан әркім жазып алып, сақтап жүрген өлендерін, қара сөздерін жинап, өзі қарап шығып, реттеп беріп, Мұрсейітке көшіріп жазуды тапсырады.

Мұрсейіттің әкесі Бікі Ысқақпен көрші тұрып, әрі туысқан есебінде болған адам екен. Мұрсейіт жас шағында ауыл молдасынан оқып, сауатын ашқан соң, Семей қаласындағы Кәмали қазіреттің медресесіне окуга түсіп, медресені бітіріп, молда болып қайтады. Қалада болған жылдары орысша да үйреніп, аздал сөйлей, оқи, жаза білетін болыпты.

Мұрсейіт жазуды әрі анық, әрі шебер жазатын молда болады. Мұрсейіттің өмірбаяны туралы қысқаша мелімет осы.

Кәкітай, Турагұлдар жинап берген Абай шығармаларын, 1905 жылы жаз айының басынан бастап, көшіріп жазуға отырған Мұрсейіт жазу жұмысын 3–4 айдың ішінде аяқтап шығады.

Абай шығармаларының көшірме қолжазбасы даяр болған соң, Кәкітай Омбы қаласына аттанады.

Енді Кәкітайдың Омбыға аттануының себебіне келейік. Ол кезде Омбы қаласында Әлихан Бекейханов тұратын еді. Кәкітай Әлиханмен 1900-жылдан бастап таныс екен. Әзірше, Әлиханның Кәкітай туралы жазған мақаласынан үзінді көлтіреік. Мақалаға кейінрек тоқталамыз.

Әлихан былай дейді: “Әуелі Кәкітайды 1900 жылы күздігүні көрдім”.

“...1904 жылы Абай марқұмның өлеңін кітап қылыш басындар деп, балаларына хат жаздым”.

“1905-жылғы шілденің аяғында Кәкітай Абайдың қол-жазбасын алып, Омбыдағы маған келді... Кәкітай біздің үйде бірер жұмадай жатты. Абай, Пушкин, Лермонтов сөздерін бірге оқып, мәз-майрам болдық. Анық таныстырық”.

Сейтіп, Кәкітай Абай шығармаларының қолжазба жинағын Әлихан Бекейхановқа апарып тапсырған. Ә. Бекейханов 1905 жылы Абайдың өмірбаянын орыс тілінде жазып, Семейде шығып тұратын “Семипалатинский листок” атты газетте жариялайды. Сол мақаласы (Абай) (Ибрагим) Құнанбай (некролог) деп аталған) екінші рет, 1907 жылы, “Записки Семипалатинского подотдела Западно-Сибирского отдела Императорского русского географического общества” деп аталатын кітапта тағы басылып шықты.

Мақаланың соңында: “Биографические данные для этого некролога доставил племянник Абая Какытай Скакович Кунанбаев” – дейді.

Және жақын арада Абайдың өлеңдер жинағы басылып шығатынын хабарлап, былай деп жазады:

“Оригинальные сочинения Абая и его переводы из Пушкина (отрывок из “Евг. Онегина”), Лермонтова и Крылова собраны его сыном Турагулом и в непродолжительном времени будут изданы Семипалатинским Подотделом им. Ф. Географ. Общества под редакцией А. Н. Букейханова”, – дейді. Солай десе де Абай жинағы жарық көрмей калған. Оның себебі Әлиханның тұтқынға алынып, түрмеге жабылуына байланысты болады. Әлихан былай деп жазады: “В январе 1906 г. в связи с событиями дней свободы, в Семипалатинске был назначен областной съезд. Меня арестовали на пути из Павлодара в Семипалатинск, в пос. Ямышевском, 8-го января” (Алихан Букейханов. “К десятилетию первой государственной думы”, Петроград, 1916 г., стр. 45).

Әлихан Павлодар түрмесінде жабылғанда, оның портфелинде, оған Кәкітай тапсырған Абай шығармаларының қолжазбасы да болыпты. Оны делелдейтін архив документін көлтіреік:

“1906 г. января 10 дня г. Павлодар. Мне, мировому судье 2-го участка Павлодарского уезда, при посещении сего числа тюрьмы, арестованный по шифрованной телеграмме ротмистра Рутланда из г. Омска Алихан Нурмухamedович Букейханов, содержащийся в Павлодарской тюрьме, заявил, что он просит об аресте его довести до сведения прокурорского надзора..., а также просит принять меры к сохранению рукописи на киргизском языке, имеющейся в арестованном у него портфеле, содержащей стихотворения, так как она оценивается в 5.000 рублей. Стихотворения эти принадлежат киргизскому поэту Кунанбаеву” (Госархив Омской области фонд 270, опись 1, дело 200, лист 10).

Әлихан бұдан кейін, 1908 жылы, тағы да тұтқындалып, Петроград түрмесінде отырып шығады. Осы уақығаның салдарынан, 1905 жылы баспаға әзірленген Абай өлеңдерінің жинағы төрт жыл бойы жарық көре алмай келіп, тек 1909 жылы басылып шығады.

Бұл жөнінде Міржақып Дулатов, 1914 жыл “Қазақ” газетінде (N 67) басылған, “Абай” атты мақаласында былай деп жазады: “1905 жылы “Семипалатинский листок” газетінде, онан кейін Семейдегі “Географический общественның” шығарған бір кітабында Элихан Бекейханов Абайдың тәржіма хелін жазды һәм кешікпей кітабы да басылатынын білдіріп еді. Бірақ тез шықпады.

